ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

«ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ»
мемлекеттік мекемесі

[illegible]

01.08.2023ж. №223-18/07-04/1717

УПРАВЛЕНИЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Государственное учреждение
«ОТДЕЛ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТОЛЕБИЙСКОГО РАЙОНА»

[illegible]

**Мектеп басшыларына**

Облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының 25.07.2023 жылғы № 16-16/6151 хатына сәйкес көп балалы, аз қамтылған отбасылардың балаларына, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету мақсатында 2023 жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында «Мектепке жол» республикалық акциясы «Жақсылықты жаса» ұранымен өткізілетінін хабарлай отырып, акция Тұжырымдамасын басшылыққа алу ұсынылады.

Осыған орай, акцияға меценаттарды, демеушілерді, депутаттарды көбірек тартып, балаларды мектеп формасы және мектепке қажетті оқу құралдарымен барынша қамтамасыз етуді тапсырамын.

Науанның барысы туралы аралық ақпаратты әрбір 10 күн сайын білім бөліміне *smailova_1970.07@mail.ru* электрондық мекенжайға жіберу қажет.

**Бөлім басшысының міндетін атқарушы Б.Тойлыбаев**

| | |
|---|---|
| **Түркістан облысы Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Момынай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** | **Коммунальное Государственное учреждение «Общеобразовательная средняя школа Момынай» отдела развития человеческого потенциала Толебийского района Туркестанской области** |

| | |
|---|---|
| **БҰЙРЫҚ** | **ПРИКАЗ** |
| **«02» 08 2023 ж.** | **№ 77** |

**Республикалық «Мектепке жол» акциясы туралы**

Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №229-18/07-04/17-17 санды хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Көп балалы, аз қамтылған отбасылардың балаларына, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету мақсатында 2023 жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында «Мектепке жол» республикалық акциясы «Жақсылық жаса!» ұранымен өткізілетіні насихатталып, түсіндірме жұмыстары жүргізілсін, акция Тұжырымдамасы басшылыққа алынсын.
2. Акцияға меценаттарды, демеушілерді, депутаттарды көбірек тартып, балалар мектеп формасы және мектепке қажетті оқу құралдарымен барынша қамтамасыз етілсін.
3. «Жақсылық жаса!» ұранымен өткізілетін республикалық «Мектепке жол» акциясының іс-шара жоспары 1-қосымшаға сәйкес жасалынып, бекітілсін.
4. Акцияның барысы туралы аралық ақпаратты әрбір 10 күн сайын білім бөліміне хабарлау әлеуметтік-педагог О.Сарбековаға тапсырылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Мырзатаеваға жүктелсін.

**Негізі:** ААӘДБ 01.08.2023 ж. №229-18/07-04/17-17 хаты

**Мектеп директорының м.у.а:** **А.Сулейменова**

Таныстым:

*Бекітемін*
*Мектеп директорының м.у.а:*
*__________А.Сулейменова.*

**«Момынай жалпы орта білім беретін мектебі»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**
***2023 жылғы 02 тамыздан 30 қыркүйегіне дейін «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын «Жақсылық жаса!» атты ұранымен өткізу бойынша жұмыс жоспары***

| Р/н | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Жауаптылар | қорытынды |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Мектепке жол» акция «Жақсылық жаса!» атты қайырымдылық акциясының өткізілуі мен ұйымдастырылуы бойынша жұмыс жоспарын құру | 02.08.2023ж | Әлеум. педагог О.С.Сарбекова | Жоспарды бекіту |
| 2 | «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясына орай «Жақсылық жаса!» атты үндеу хаттарын тарату. | 1.08. - 25.08.2023ж | Әлеум. педагог О.С.Сарбекова | Хабарлама қағазы |
| 3 | Айлық барысында демеушілер,ата-аналар қоғамдастығы «Жақсылық жаса!» атты қайырымдылық акциясының өткізілуіне кеңінен ұйымдастыру (азқамтылған, жайсыз отбасы, көпбалалы отбасылар, сол сияқты жетім және мүгедек тобындағы балаларды көмекке тарту) | Тамыз-қыркүйек | Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог О.С.Сарбекова | Мәлімет Хаттама |
| 4 | Мектеп формасы, кеңсе тауарлары мен киімдер, оқулықтардың бағаларына мониторинг жасау | тамыз | Мектеп кәсіподақ ұйымының төрағасы | Мәлімет, |
| 5 | Демеушілік көмек көрсету жұмысы: Мектеп формасы, кеңсе тауарлары мен киімдер, оқулықтар | Тамыз-қыркүйек | Мектеп әкімшілігі ата-ана комитеті | Мәлімет |
| 6 | Құқық бұзушылықты алдын алу мақсатымен (рейдтер) ұйымдастыру: «Занятость»«Түнгі қаладағы балалар» Рейдтің мақсаты: ата-ана қарауынсыз қалған күн режиміне бағынбайтын мектеп оқушыларын және себепсіз мектептен бас тартқан оқушыларды анықтау | Тамыз-қыркүйек | Мектеп әкімшілігі ата-ана комитеті ИДН испекторлары | Есеп Мәлімет |
| 7 | Азқамтылған отбасындағы балаларға көмек көрсету үшін «Жақсылық жаса!» атты қайырымдылық жәрменкені ұйымдастыру | 25.08.2023ж | Мектеп әкімшілігі ата-ана ком-ті Сынып жетекшілер | Мәлімет |
| 8 | Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау жұмыстары | 01.09-30.09.2023 | Мектеп әкімшілігі ата-ана комитеті Сынып жетекшілер | Мәлімет |
| 9 | Акция қорытындысы:<br>1. Марапаттау<br>2. Акцияның салтанатты жабылуы<br>3. Қорытынды есеп | 29.09.2023ж | Мектеп әкімшілігі ата-ана комитеті Әлеум. педагог О.Сарбекова | Мәлімет |

***Әлеуметтік педагог:*** ***О.Сарбекова.***

**Момынай ауылының тұрғыны**
**М.Е.Нурмановқа**

**Құрметті Мақсат Есимханович !**

Облыс әкімдігінің және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқауына сәйкес 15 - шы рет дәстүрлі жалпы республикалық «Мектепке жол» акциясы (2023 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығы) өткелі отыр.

Ағымдағы жылы Министрліктің әлеуметтік бағыттағы бұл бастамасы «Жақсылық жаса!» атты ұранымен өткізілуде.

Бұл мерекелік іс-шараға облыс әкімдігі бастамашылдық танытып, барлық аудандық, қалалық әкімдіктер, облыстық басқармалар, мекемелер мен кәсіпорындар басшылары, ауыл әкімдері, халық қалулылары, білім саласының қызметкерлері, өздерінің ізгілігі мен жомарттығын танытып жүрген абзал азаматтар қатысуға ниет білдіріп, балаларға сый-сияпаттар табыс етеді.

«Жетімнің басынан сипаған жанға жеті пейіштің есігі ашық» дегендей Сіздерді жаны жомарт, қайырымы мол азаматтар деп тани отырып, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балаларға демеушілік көрсетеді деп сенеміз.

Осы тұрғыда, алдын ала ризашылығымызды білдіре отырып, мұқтаж балаларға қамқорлық жасап, олардың жаңа оқу жылында өз құрбы-құрдастарымен бірге шаттық көңілмен мектепке баруына жағдай жасайды деп сенеміз.

Жүрек қалауымен жасаған игілікті ісіңіздің қайырымы мол болсын!

**Мектеп директорының м.у.а:** **А.Сулейменова**

Орындаған: Әлеуметтік педагог О.Сарбекова
Тел: 8 747 521 3479

**Момынай ауылының тұрғыны**
**Ә.К.Үсіпбаев**

**Құрметті Әлімжан Кемелханович!**

Облыс әкімдігінің және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқауына сәйкес 15 - шы рет дәстүрлі жалпы республикалық «Мектепке жол» акциясы (2023 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығы) өткелі отыр.

Ағымдағы жылы Министрліктің әлеуметтік бағыттағы бұл бастамасы «Жақсылық жаса!» атты ұранымен өткізілуде.

Бұл мерекелік іс-шараға облыс әкімдігі бастамашылдық танытып, барлық аудандық, қалалық әкімдіктер, облыстық басқармалар, мекемелер мен кәсіпорындар басшылары, ауыл әкімдері, халық қалулылары, білім саласының қызметкерлері, өздерінің ізгілігі мен жомарттығын танытып жүрген абзал азаматтар қатысуға ниет білдіріп, балаларға сый-сияпаттар табыс етеді.

«Жетімнің басынан сипаған жанға жеті пейіштің есігі ашық» дегендей Сіздерді жаны жомарт, қайырымы мол азаматтар деп тани отырып, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балаларға демеушілік көрсетеді деп сенеміз.

Осы тұрғыда, алдын ала ризашылығымызды білдіре отырып, мұқтаж балаларға қамқорлық жасап, олардың жаңа оқу жылында өз құрбы-құрдастарымен бірге шаттық көңілмен мектепке баруына жағдай жасайды деп сенеміз.

Жүрек қалауымен жасаған игілікті ісіңіздің қайырымы мол болсын!

**Мектеп директорының м.у.а:** — **А.Сулейменова**

Орындаған: Әлеуметтік педагог О.Сарбекова
Тел: 8 747 521 3479

**Ақкұм ауылдық округінің әкімі**
**Қ.Қ.Таменовке**

**Құрметті Кайрат Каумбекулы!**

Облыс әкімдігінің және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқауына сәйкес 15 - шы рет дәстүрлі жалпы республикалық «Мектепке жол» акциясы (2023 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығы) өткелі отыр.

Ағымдағы жылы Министрліктің әлеуметтік бағыттағы бұл бастамасы «Жақсылық жаса!» атты ұранымен өткізілуде.

Бұл мерекелік іс-шараға облыс әкімдігі бастамашылдық танытып, барлық аудандық, қалалық әкімдіктер, облыстық басқармалар, мекемелер мен кәсіпорындар басшылары, ауыл әкімдері, халық қалулылары, білім саласының қызметкерлері, өздерінің ізгілігі мен жомарттығын танытып жүрген абзал азаматтар қатысуға ниет білдіріп, балаларға сый-сияпаттар табыс етеді.

«Жетімнің басынан сипаған жанға жеті пейіштің есігі ашық» дегендей Сіздерді жаны жомарт, қайырымы мол азаматтар деп тани отырып, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балаларға демеушілік көрсетеді деп сенеміз.

Осы тұрғыда, алдын ала ризашылығымызды білдіре отырып, мұқтаж балаларға қамқорлық жасап, олардың жаңа оқу жылында өз құрбы-құрдастарымен бірге шаттық көңілмен мектепке баруына жағдай жасайды деп сенеміз.

Жүрек қалауымен жасаған игілікті ісіңіздің қайырымы мол болсын!

**Мектеп директорының м.у.а:** **А.Сулейменова**

Орындаған: Әлеуметтік педагог О.Сарбекова
Тел: 8 747 521 3479

«Момынай» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Бекітемін
Мектеп директоры:
__________ Б.Сулейменов

# «Мектепке жол» акциясында
# «Жақсылық жаса!»

(Сценарий)

Әлеуметтік педагог: О.Сарбекова

2023 – 2024 оқу жылы

**Жаңа оқу жылы қарсаңында өтетін республикалық**
**«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» атты қайырымдылық акциясының сценарийі**

**29.09.2023 ж** **Момынай мектебі**

**Жүргізушілер ортаға шығады**

**Жүргізуші:** Ассалаумағалейкум, ардақты әлеумет, жиылған көпшілік, аға-әпке, бауырлар! Қайырлы күн, жаны жайсаң ұстаздар мен жүрегі мейірімге толы ата-аналар, жас достар!

**Жүргізуші:** «Бала –адамның бауыр еті», бала –біздің болашағамыз» дейді дана халқымыз.Кез келген ұлттың өкіліне бәрінен бұрын асқақ рух пен Отанға, елге, балаға деген сүйіспеншілік керек.

**Жүргізуші:** Қазақстанда мекендейтін әрбір адамзат өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, болашағына сенбейінше, баланың наз күлкісін өзінің бақыты деп білмейінше, ешқандай да жұмыс ілгері баспайды.

**Жүргізуші:** Әрбір бала өмір сүру құқығына ие және мемлекет,ата-аналар оның өсіп өнуі мен дамуын қамтамасыз етуге міндетті. Балдәурен балдырғандарымызға мектепбімізге көңілді көңіл күй мен келуге демеуші болып отырған

**Республикалық «Мектепке жол» акциясына қош келдіңіздер!!!**

Биылғы акция **«Жақсылық жаса!»** атты үндеумен өткізілуде.

**Жүргізуші:** Адам бойындағы ізгілікпен ғана асыл мұраттар мен ақ армандар қанат қағып көтеріледі.Әркімнің адаммын деуі, азаматпын деуі, алдымен оның бойындағы ізгілік,қамқорлық қасиеттерімен өлшенеді.

**Жүргізуші:** Рухы биік,арманы асқақ еркін халық қана ұлы істерді атқарып, өзін -өзі қорғай алған елдер ғана өсіп -өркендеген. Жалпақ жұртыңды, ісі алашыңды құрметтеудің басы – ұлтымыздың келешегі балалардың болашағын ойлаудан басталады. Бала айналадан толып жатқан жақсылықты көреді.Адамның әр ісі, жасаған барлық жақсылығы кейінгі ұрпақ тарапынан әділ бағасын алмай коймайды. Мекте

**Муз.номер «Туған жер» әні.** Орындайтын **Азирбай Мереке**

**Жүргізуші:** Дүниеде баланың шат күлкісінен асқан қандай бақыт, қандай қуаныш бар десеңіздерші!? Бақыт деген-адамдар үшін өмір сүру және оларды бақытты ету. Елім деген азамат алдымен сол елдің ертеңгі келешектері жас

бүлдіршіндерімізге жүрек жылуын төгеді. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.Жүзжасаровқа сөз кезегін береміз.

**Жүргізуші:** Жақынды, досты аяла,
Қанатың сонда талмайды.
Барыңды баладан аяма,
Жақсылық жерде қалмайды. **–деп**

**Муз.номер: би. «Қосалқа» 9 сынып қыздар тобы**

**Жүргізуші:** Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі болашағымыз. Бала тәрбиесі мен күнделікті іс -әрекеті үлкендер мен қоғам тарапынан тыс қалмауы керек. Балалар үшін мейірім шуағын төгіп, жақсылығын аямайтын, болашақ ұрпаққа қамқорлық көрсетіп жүрген демеушілер атынан ------------------------------------------------------------------------------------------------ сөз беріледі.

**Жүргізуші :** Көңілдің кең сарайын ән ашады,
Жас әнші нені айтса да жарасады
Әншінің әнмен ғана тіршілігі
Әншінің әнмен ғана болашағы,

**Музыкалық номер:** Ән. «Ауылым!» орындайтын Г.Иманалиева қыздарымен

**Жүргізуші:** Жақсының ел деп соғар жүрегі де
Жетерсің жомарт болсаң тілегіңе
Ел демей ерлер өмір сүреді ме,
Қашанда қамқор болып жүр еліңе, - дей келе аяқтаймыз.

**Жүргізуші:** Жақсылыққа жаны құмар аға -әпкелер! Сіздердің жасап жатқан қайырымдылық істеріңізге Жаратқан иеміз Аллаһ Тағала нұрын жаудырсын. Ең болмағанда, дүниеде бір адамның жүзіне күлкі үйірілуіне, бақыттың мәнін сезінуіне жағдай жасаған адам өзі ешқашан да бақытсыз болуы мүмкін емес.

**Марапаттау рәсімі**

**Жүргізуші:** Ендеше, барлықтарыңыздың еңбектеріңізге табыс тілейміз.
Аман болсын ағалар атқа мінер,
Сауап іспен көрсеткен мырзалығын,
Туын жықпа мәрттік пен ізгіліктің
Көптің алып алғысын, ырзалығын, -дейміз. Жақсылықпен қауышқанша есен –сау болайық, ағайын!

**«Момынай жалпы білім беретін мектеп» КММ**
**"Мектепке жол" республикалық акциясының мәліметі**

**Акцияның мақсаты:** жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсетумен қатар жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болатын.

2023-2024 оқу жылы 01 тамыз 30 қыркүйек аралығында "Мектепке жол" республикалық акциясы "Жақсылық жаса" ұранымен жүзеге асырылды.
«Мектепке жол» республикалық акциясының өткізіліп жатқандығы және демеуші жұмылдыру мақсатында мейірімді жандарға хат - хабарландыру берілді.
Қазіргі таңда, «Мектепке жол акциясына» демеуші жұмылдыру жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. «Мектепке жол»акциясы аясында демеушілер көрсеткен көмектерге тоқталсақ: Жеке кәсіпкер аулымыздың азаматы Нұрманов Мақсат өзі жеке дара 4 оқушыға көмек көрсетті. Әрбір оқушыға 50 мың көлемінде мектепке керек киім мен оқу құрал жабдықтарын алып берді.
Ауылымыздың әкімшілігі 4 оқушыға 45000 (қырық бес мың) теңгеден үлестірді. Мектепке керек жарақтарын алуға.
Ауылымыздың азаматы Үсіпбаев Әлімхан 2 оқушыға көмек қолын көрсетіп, әрбір оқушыға 60000 (алпыс мың) теңге көлемінде ата – аналарына берілді.
Кәсіподақ ұйымынан 2 оқушыға мектепке керек сумка мен оқу- құрал жабдықтарын алып берді.
Аманат партиясы да 1 оқушымызға сумка мен оқу- құрал жабдықтарын алып берді.
«Самрұқ қазына» кампаниясынан 1 сыныпқа келетін 1 оқушымызға мектепке керек формасы мен сумкасы жәнеде оқу- құрал жабдықтарын алып берді.

**Мектеп директоры:** **Б.Сулейменов**

**Әлеуметтік педагог:** **О.Сарбекова**